



## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Almaty Management University Медиа және кино мектебі сіздерді **15 сәуірде** AlmaU Creative Forum аясында өтетін **«Серікболтану: Түркі мәдениеті - өткеннен бүгінге»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуға шақырады.

**Конференцияның басты мақсаты** — ғылым мен шығармашылықты тоғыстыра отырып, мифологиялық мұраны мәдени бірегейліктің негізгі элементі ретінде Серікбол Қондыбай еңбектерін жан-жақты зерделеу. Талқылау барысында рухани дәстүр, мифологиялық сюжеттер, архетип пен образдар, олардың қазіргі заманғы өнерде, әдебиетте, драматургияда, кинода және медиа жобаларда интерпретациялануы сөз етіледі. Конференция ғалымдар, зерттеушілер және шығармашылық индустрия өкілдері арасындағы диалогқа арналған пәнаралық алаң ретінде ұйымдастырылады. Іс-шараға түркітану, тарих, этнология, мәдениеттану, филология, философия, өнертану және басқа да гуманитарлық ғылым салаларындағы отандық және шетелдік мамандар шақырылады.

Конференция қорытындысы бойынша түркі мәдениетін зерделеудегі заманауи ғылыми зерттеулерді қамтитын материалдар жинағын жариялау жоспарланып отыр.

Конференцияға қатысуға байланысты барлық шығын қатысушылардың өз есебінен жүзеге асырылады.

### Конференцияның негізгі секциялары:

1. **Қондыбай идеяларын қазіргі визуалды өнерде шығармашылық тұрғыда бейімдеу**  
(кино, драматургия, анимация, комикстер және визуалды медиа)
2. **Серікбол Қондыбай еңбектеріндегі түркітанулық зерттеулер:** көне мәдени субстрат және оның фольклорда, эпоста, шежіреде және тілде көрініс табуы
3. **Серікбол Қондыбай зерттеулеріндегі мәдени сананы деколонизациялау**  
(Орталық Азия мен түркі әлеміндегі гуманитарлық ойдағы деколониялық

бетбұрыс; мәдени бірегейлік; С. Қондыбай мұрасы және посткеңестік нарративтерді қайта пайымдау)

4. **Пәнаралық секция:** Арғықазақ мұрасын жаңғыртудағы кешенді зерттеулер  
(антропология, этнография, лингвистика, символика, архетиптер, семиотика, мәдени мұра және заманауи технологиялар)
5. **Жас ғалымдар секциясы.** Серікбол Қондыбай мұрасын зерттеудің жаңа бағыттары

**Конференцияның жұмыс тілдері:** қазақ, ағылшын, орыс.  
**Өтетін күні мен уақыты:** 15 сәуір, 9:00–17:00 аралығы.  
**Өткізу форматы:** офлайн/онлайн.  
**Мекенжайы:** Алматы қ., Розыбакиев көшесі, 227, AlmaU.

**Ұйымдастыру комитеті:**

1. Балсұлу Қондыбай — педагог, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі»
2. Зира Наурызбай — PhD докторы, философия ғылымдарының кандидаты, қазақ мифологиясын зерттеуші, жазушы, киносценарист
3. Нұржан Құлымжанов — «Жолшы» философиялық қауымдастығының жетекшісі, PhD докторы
4. Анара Секеева — PhD докторы, AlmaU Медиа және кино мектебінің деканы
5. Сандуғаш Сауранбай — PhD докторы, AlmaU Медиа және кино мектебінің академиялық деканы, қауымдастырылған профессор
6. Ирина Хан — философия ғылымдарының кандидаты, саясаттану доценті, AlmaU Медиа және кино мектебі
7. Әсел Қамза — PhD докторы, AlmaU Медиа және кино мектебінің ассистент профессоры
8. Светлана Медведева — саяси ғылымдар кандидаты, AlmaU Медиа және кино мектебінің доценті
9. Диана Ашимова — продюсер, фестиваль директоры, «Бастау» халықаралық кинофестивалінің (Алматы) және CINEMA HERITAGE (Париж) жетекшісі, әлемдегі ірі кинофестивальдер қазылар алқасының мүшесі, Орталық Азияның жаһандық киноиндустриядағы белсенді өкілі

**ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫС МӘЛІМЕТТЕРІ:**

Әсел Қамза +77756505809; a.kamza@almau.edu.kz  
Сандуғаш Сауранбай +7 702 230 5151; [s.sauranbay@almau.edu.kz](mailto:s.sauranbay@almau.edu.kz)

Мақалаларды ұсынудың соңғы мерзімі – 2026 жылдың 28 ақпаны.

**«Серікболтану: Түркі мәдениеті - өткеннен бүгінге»  
I Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция**

**Қатысушы сауалнамасы**

1	Автордың тегі, аты, әкесінің аты	
2	Мақала тақырыбы және беттер саны	
3	Жұмыс / оқу орны (мекеменің толық атауы, қысқартусыз), қала	
4	Лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
5	Студент, магистрант, докторант, мамандығы	
6	Конференция материалдарын жіберетін пошталық мекен-жай (пошта индексімен).	
7	Конференция материалдарының электронды жинағы жіберілетін электрондық пошта	
8	Контакттік телефон номері	

**МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ**

Авторлық мақалалардың ешқай жерде жарияланбаған түпнұсқасы қабылданады. Әр мақала авторға арналған сауалнамамен қоса беріледі.

Автор мақаласы StrikePlagiarism жүйесінен өткізіліп, екі деңгейлі review кезеңінен өтеді.

*Мақала мәтіні.* 3-тен 5 бетке дейін.

*Мәтін параметрлері:* парақтың өлшемі - A4, Times New Roman шрифті, өлшемі - 14 пт, жолдың аралық интервалы, абзацтың шегінісі - 1 см, барлық жиектер - 2 см, парақтың еніне туралау, сызықсыз, нөмірсіз. Абзацтың алдындағы және кейінгі аралығы - 0 пт.

Бірінші жол - ортада баяндаманың тақырыбы бас әріптермен, қалың әріптермен жазылған.

Екінші жол - кіші әріптермен орталықтандырылған - тегі, автордың инициалдары, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы

Үшінші жол - орталықта курсивпен, ұйымның, қаланың, елдің атауы.

Жол арқылы мақала тіліндегі реферат (5 жолдан аспайды)

Мақала тіліндегі негізгі сөздер (6 сөз бен сөз тіркестеріне дейін).

Жолақтан кейін мақаланың негізгі мәтіні жазылады. Суреттер мен кестелерді безендіруге мысал төменде келтірілген. Суреттер мен кестелердегі мәтіннің қаріп өлшемі 12 пт. Мәтіндегі барлық суреттер мен кестелерге сілтеме жасау керек (Сурет-1), (Кесте -1).

Дереккөздерге сілтеме APA стилінің 7-редакциясы бойынша жасалады.

Қазақ және орыс тілдерінде жіберілген мақалалар үшін негізгі мәтіннен бір жолдан кейін ағылшын тілінде ақпарат беру қажет.

**Мақала тақырыбы**

Тегі, автордың аты-жөні, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы  
*ұйымның атауы, қаласы, елі (ағылшын тілінде)*

*Түйіндеме* ағылшын тілінде  
*Негізгі сөздер* ағылшын тілінде

**Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі** мақаланың соңында орналасады. Автоматты соңғы сілтемелерді пайдаланбаңыз. Әдебиеттер тізімін APA стилінде рәсімдеңіз.

Мақала мазмұнына автор жауап береді. Ұйымдастыру комитеті талаптарға сәйкес келмейтін мақалалардан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

**Мақаланың атауы**

Бірінші автор<sup>1</sup>, екінші автор<sup>2</sup>, үшінші автор<sup>3</sup>

1 2 3 Алматы менеджмент университеті, Алматы  
электрондық пошта (авторлар)

Аннотация. Аннотация мақаланың мазмұнын қысқаша мазмұндауы керек. 150-250 сөзден аспайды. Аннотация қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған. Аннотация мақаланың қысқаша негіздемесі, проблемалар, зерттеудің міндеттері, алынған нәтижелер, қорытындылар, зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы кіреді.

Кілт сөздер: бірінші сөз, екінші сөз, үшінші сөз

**1. Кіріспе**

Кіріспеде мақала авторы зерттеудің өзектілігі мен мақсатын, жұмыстың жаңашылдығын, гипотезаларды нақты тұжырымдайды және жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығын ашады.

**2 Әдебиетке шолу**

Әдебиетке шолуда зерттелетін мәселе бойынша отандық және шетелдік авторлардың іргелі және өзекті ғылыми еңбектеріне сыни шолу болуы керек. Сондай-ақ, оқырманға зерттеуші өзінің ғылыми жұмысымен толтыруы тиіс қолда бар әдебиетте олқылық бар екенін көрсету қажет.

Шолуда проблема көрсетілгені жөн, сондықтан қолданыстағы жұмыстардың қарапайым тізімін толық шолу деп санауға болмайды.

Қажет болса, автор тақырып бойынша тар бағыттағы арнайы әдебиеттерден алшақтап, ұқсас (жақын) бағыттағы ғылыми еңбектерді де қарастыра алады.

**3. Зерттеу методологиясы**

Бұл бөлімде автор зерттеудің негізгі кезеңдерін, зерттеу сұрақтарын сипаттайды және қолданылатын әдістерді таңдауды негіздейді.

**4 Нәтижелер**

**4.1 Тарауша үлгісі**

Бұл бөлімде автор зерттеу нәтижелерін ұсынады. Оқырмандар автор жасаған тұжырымдардың дұрыстығын бағалау үшін нәтижелер жеткілікті түрде егжей - тегжейлі сипатталуы керек. Нәтижелерді кестелермен, суреттермен, формулалармен растауға болады.

Бөлімнің немесе тараушаның бірінші абзацы шегініссіз екенін ескеріңіз. Кесте, сурет, теңдеу және т.б.дан кейінгі бірінші абзацтар да шегініссіз.

Келесі абзацтар шегініспен жазылады.

Үлгі тақырыбы (үшінші деңгей). Тақырыптардың тек екі деңгейін нөмірлеу қажет. Төменгі деңгейдегі тақырыптар нөмірсіз қалады; олар кіріспе тақырыптар ретінде пішімделеді.


Тақырып үлгісі (төртінші деңгей). Жарналар тақырыптардың төрт деңгейінен аспауы керек. Келесі 1 -кестеде барлық тақырып деңгейлерінің қысқаша мазмұны берілген.

Кесте 1. Кесте жазулары кестелердің үстіне қойылуы керек

Тақырып деңгейі	Мысал	Шрифт өлшемі мен стилі
Тақырып (авторы) орталық)	Дәріс конспектілері	14 шрифт, қалың
1-деңгей тақырып	1. Кіріспе	12 шрифт, қалың
2-деңгей тақырып	2.1 Басып шығару аймағы	10 шрифт, қалың
3-деңгей тақырып	Аралық тақырыптар қалың қаріппен жазылады. Мәтін келесі	10 шрифт, қалың
4-деңгей тақырып	Ең төменгі деңгей тақырыбы. Мәтін келесі	10 шрифт, қалың

Көрсетілген теңдеулер орталықтандырылған және бөлек жолға қойылады

$$x + y = z \quad (1)$$



Сурет 1. Суреттің атауы

Сілтеме жасау үшін мәтін ішінде де, пайдаланған әдебиет тізімінде де АРА стилінің 7-редакциясын қолданыңыз.

5 Қорытынды және талқылау

Бұл бөлімге осы кезеңдегі зерттеу нәтижелерін қорытындылау мен қорытындылау кіреді. Ол мақаланың негізгі бөлігінің негізгі ойларын жинақталған түрде қайталайды. Бұл бағыттағы әрі қарайғы зерттеулердің негізгі бағыттары да анықталған.

Пайдаланған әдебиет тізімі (алфавиттік ретпен):  
Assmann, J. (2011). *Cultural memory and early civilisation: Writing, remembrance, and political imagination*. Cambridge: Cambridge University Press.  
Barthes, R. (1972). *Mythologies*. New York: Hill and Wang.

Beckwith, C. I. (2009). *Empires of the Silk Road: A history of Central Eurasia from the Bronze Age to the present*. Princeton, NJ: Princeton University Press.

DeWeese, D. (1994). *Islamization and native religion in the Golden Horde: Baba Tükles and conversion to Islam in historical and epic tradition*. University Park, PA: Pennsylvania State University Press.